



## **Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі Қайрат ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 7198 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2 тармағына сәйкес, 2020 жылғы 29 желтоқсандағы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қайрат ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған схемалық картаға сәйкес Қайрат ауылдық округі Қайрат ауылының келесі атауы жоқ көшелеріне атаулар берілсін:

- №1 атауы жоқ көше – Жамбыл көшесі;
- №2 атауы жоқ көше – Бөгенбай батыр көшесі;
- №3 атауы жоқ көше – Жүсіпбек Аймауытов көшесі;
- №4 атауы жоқ көше – Сәкен Сейфуллин көшесі;
- №5 атауы жоқ көше – Ғабит Мүсірепов көшесі;
- №6 атауы жоқ көше – Мұхтар Әуезов көшесі;
- №7 атауы жоқ көше – Абай көшесі;
- №8 атауы жоқ көше – Амангелді Иманов көшесі;
- №9 атауы жоқ көше – Смағұл Сәдуақасов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.


3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қайрат ауылдық округінің әкімі*

*Е. Битниев*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Уәлиханов ауданы  
Қайрат ауылдық округі әкімінің  
2021 жылғы 29 наурыздағы  
№ 10 шешіміне  
қосымша

**Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қайрат ауылдық округі Қайрат ауылындағы атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы схемалық картасы**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК